


Түркістан облысы Келес ауданы
№23 «1 Мамыр» жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспары



Тәлімгер:  Г. Саненова

2021-2022ж

Өзін –өзі басқару ұйымының

Мақсаты: Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, Білім мен өнерге құштар, елінің тарихынбілетін, тілін, дінін, әдет-ғұрп, салт- санасын қастерлейтін, еңбекқор да, салауатты, адами құндылықтарбойына қалыптасқан, әділетті, қайсар тұлғаны өзін- өзі басқарту арқылы қалыптастыру.

Міндеті: - қазақстан Республикасындағы « Тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы мен Үздіксіз білім беру жүйесінің тәрбие тұжырамдамасына» сай жас жеткіншектерді Қазақстандық елжандылыққа тәрбиелеу.

- өзін- өзі басқару ұйымының бағдарламасы негізінде , сапалы білім саналы тәрбиенің жан- жақты артуына оқушы, жастар ұйымының белсенділігі арттыру;

- жастар бірлестігінің бағыттарына байланысты ұйым белсенділерінің құқын, міндетін, жауапкершілігін арттыру.

Өзін –өзі басқару жұмысында табатын құндылықтар:

1. Адами ар –ождан, иманжүзді азамат қалыптасу
2. Отбасындағы жауапкершілік
3. Отан, туған өлкеге құрмет
4. Денсаулық, салауатты өмір
5. Еңбек, экономика
6. Білім , ғылым, өнер
7. Мәдени мұра, құқық, тарих, шежіре
8. Тіл шеберлігі, рухани байлық
9. Достық, жолдастық, қатынас

«Өзін-өзі басқару ұйымы»

- **Балалар мен жасөспірімдердің және үлкендердің жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыттаған, мүшелерінің қызығушылықтарын, құқықтарын қорғайтын, өз бетімен ерікті, қозамдық бірлестік**

Өзін-өзі басқару ұйымының атқаратын жұмыстары:

- **Интеллектуалды сайыстар өткізу;**
- **Мереке күндерін өткізу;**
- **Мектепшілік газет-журналдар шығару;**
- **Іс-шараларға жауапкершілікпен қатынасу;**

Өзін-өзі басқару ұйымының қаулысы:

Жыл ішінде жүргізілетін жұмыс түрлеріне есеп беріп отырады.

1. **Ұйым ұнпарағы ай сайын шығарылып, мектепшілік іс-шаралар талданып, баспасөз беттері арқылы таралуы керек.**
2. **Мектеп оқушыларының оқу үлгерімін жақсарту, оқу озықтарының санын көбейту сынып әкімдеріне міндеттеліп, оны қатаң қадағалау Білім министріне жүктелсін.**
3. **Оқушылардың бой-бас тазалығы, оқу құралдары, сынып тазалығы, мектепке сай киім формасын үнемі бақылауда болуы Тазалық министріне тапсырылсын.**
4. **Оқушылардың танымдық деңгейінің терең болуын қадағалап, соған орай мектепшілік іс-шаралар өткізу Мәдениет министріне тапсырылсын.**
5. **Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану, денсаулықтарын нығайту, спорт үйірмелеріне оқушыларды тарту Спорт министріне тапсырылсын.**
6. **Оқушылар арасына келеңсіз жағдайларды болдырмау, сабаққа қатысу-қатыспауын қадағалап, мектепшілік тәртіпті бақылау Тәртіп министріне тапсырылсын.**
7. **Біріңғай талап ережелері 5-11 сынып оқушыларының барлығына міндетті деп саналсын және оқушылар ұйымының осы талаптарды қадағалау Ұланбасына және Ұланбасы көмегішіне**

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
Б. Бейсекүл

**«№23 «1 Мамыр» жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021-2022 оқу жылына
арналған «Өзін-өзі басқару» ұйымының жұмыс жоспары**

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспарын құрып бекітіру	Қыркүйек	Тәлімгер: Г.Саненова
2	«Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелерін сайлау	Қыркүйек	ДТДЖО Пед. ұйым Тәлімгер
3	Мектеп бойынша қабырға газетін шығару	Жыл бойы	ДТДЖО Пед. ұйым Тәлімгер
4	Бөлме өсімдіктерін күту және көгалдандыру. «Гүл операциясы»	Жыл бойы	Мизам Тазабек Шаруашылық секторы
5	Өнер сайыстары, концерттер	Жыл бойы	Есіркеп Ұлжалғас Ұйымдастыру секторы
6	Сынып бөлмелерінің тазалығын қадағалау	Жыл бойы	Жұмагүл Нұрқанат Шаруашылық секторы
7	Білім алу деңгейін қадағалау, оқушылардың сабақа қатысуын қадағалау	Күн сайын	Құдайберген Айдана Білім министрі
8	Өзін-өзі басқару күні	Бейсенбі	ДТДЖО Пед. ұйым Тәлімгер
9	Еңбек апталығын өткізу	Қазан	ДТДЖО Пед. ұйым Тәлімгер
10	Спорт шараларын өткізу	Жыл бойы	Жұмагүл Нұрқанат Спорт секторы
11	Еңбек апталығын өткізу. Кошет отырғызу	Сәуір	ДТДЖО Пед. ұйым Тәлімгер
12	«Қамқорлық» акциясы	Қараша Мамыр	ДТДЖО Пед. ұйым Тәлімгер

Тәлімгер: *Г. Саненова* Г. Саненова

№23 «1 Мамыр» жалпы орта білім беретін мектебі КММ-нің 2021-2022 оқу жылында Қазан айында өткізілген «Президент» сайлауына

Анықтама

Күні: 02.10.2021 жыл

Тақырыбы: «Президент» сайлау

Мақсаты: Оқушыларды жауапкершілікке тәрбиелеу

Жауаптылар: ДТДЖО М. Абдикаимова
Тәлімгер: Г. Саненова

2021 жылдың 2 қазан күні №23 «1 Мамыр» жалпы орта білім беретін мектебі КММ-де «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының «Президент» сайлауы барлық ережеге сай өткізілді. «Президент» сайлауына үміткерлікке 11А сынып оқушылары Налибай Даниял, Көпжасар Досымжан және 11Ә сынып оқушылары Адабашев Исафил, Жұмағұл Нұрканат таңдап алынды. Үміткерлер оқушыларға өздерінің алға қойған мақсаттарымен, болашақта мектепте жоспарға алынып отырған жұмыстарымен таныстырып өтті. Сайлау ережеге сай құпия түрде, сенім жәшігіне оқушылардың ерікті дауыстарын беруі арқылы жүргізілді. Сайлауда арнайы комиссия мүшелері сайланып, қорытындысын есептеп шығарды. «Президент» сайлауы қорытындысы бойынша, басым көпшілік дауыспен 11 «Ә» сынып оқушысы Адабашев Исафил салтанатты түрде «Президент» болып сайланды.

Қорытынды:

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер жұмысы нығайтылсын.
Президент өз лауазымына жауапкершілікпен қарап белсенді жұмыстансын.

Тәлімгер: Саненова Г. С.







Хабарландыру!

*Мектеп өмірінің мәселелерін шешуде оқушылардың
өзін-өзі басқарудағы өз бетімен шешім қабылдау қабілеттілігін
арттыру мақсатында мектебімізде 2021 жылдың 2-қазан күні
мектеп президентін сайлау науқаны өткізіледі.*

Құрметті оқушылар, ұстаздар сіздерді сайлауға белсене қатысуға шақырамыз!

СІЗДЕРДІҢ ӘРБІР ДАУЫСТАРЫҢЫЗ БІЗ ҮШІН МАҢЫЗДЫ!!!

№23 «1 Мамыр» жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектепішілік Президентін
сайлау жөніндегі дауыс беруге арналған

Сайлау бюллетені

2021 жыл 2 қазан

Өзіңіз жақтап дауыс беретін кандидаттың оң жағындағы бос шаршыға
кез-келген белгі қойыңыз

«Жақтап дауыс беремін»

11«А» Налибай Даниял

☐

11 «А» Көпжасар Досымжан

☐

11 «Ә» Адабашев Исафил

☐

11 «Ә» Жұмағұл Нұрқанат

☐



Түркістан облысы Келес ауданы
№23 «1 Мамыр» жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Мектеп президенті мен көшбасшыларының ұлықтау рәсімі



 Г. Саненова

2021-2022ж

Мектеп Президентінің анты

Мен №23 «1 Мамыр» жалпы орта білім беретін мектебінің «11Ә» сынып
оқушысы Адабашев Исафил

Өзін-өзі басқару ұйымының Президенті лауазымдық міндеттерін орындауға
және маған артылған жауапкершіліктерді орындауға салтанатты түрде ант
беремін!

Туған мектебімнің намысын сақтауға және туын жоғары ұстауға ант беремін!

Мектептегі барлық іс-шараларға қатысып, болашақ ұрпаққа жауапкершілікпен
қарап, мектеп оқушыларына үлгі болуға ант беремін!

Салауатты өмір салтын насихаттауға ант беремін!

Қандай жағдай болса да өз ісіме адал болуға ант беремін!

Жақандану ғасырында бәсекеге қабілетті өзін қазақ елінің, қазақ жерінің
иесімін деп сол ұлы мақсатқа қызмет етуге ант беремін!

Қай жерде болмасам да өз мектебімнің атын жоғарыдан көрсетіп, намысы мен
қадірін қорғауға ант беремін!

Мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің, оқушылардың алдында ант беремін!

Ант беремін! Ант беремін! Ант беремін!



**Өзін-өзі басқару ұйымының отырысының
хаттамасы №1**

№23 «1 мамыр» ЖОББМ 8 қазан 2021 жыл

Қатысқандар: ДТЖО: М. Абдикаимова
Ж. Құрымбаева
Аға тәлімгер: Г. Саненова
Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері

Күн тәртібінде:

3. Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерін сайлау
4. 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жоспар

Тыңдалды:

3. 2021 жылы 8 қазан күні №23 «1 мамыр» жалпы орта білім беретін мектебі бойынша жоғарғы сынып оқушылары арасынан «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелерін сайланып алынды. Оқушыларды жалпы өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсат-міндеттерімен таныстырды. Мектепшілік оқу, шаруашылық, тәртіп, мәдениет, спорт министрлері сайланып алынып өз міндеттері жүктелді.
4. Аға тәлімгер Г. Саненова «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелеріне 2021-2022 оқу жылына арналған «Өзін-өзі басқару» ұйымының жылдық жоспарымен таныстырып өтті.

Қабылданған шешім:

3. «Өзін-өзі басқару» ұйымының жұмыс жоспары бекітілсін.
4. «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері өздеріне берілген жұмыстарды жоспарға сай тиянақты орындап, жауапкершілікпен жұмыстансын.

Аға тәлімгер:  Г. Саненова

Бекітемін:
Мектеп директоры:

Б. Бейсекүл

Келісемін
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары

М. Абдихаймова

***№23 «1Мамыр» жалпы орта білім беретін
мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы мектеп
парламентінің құрамы***

Аға тәлімгер: Г. Саненова

2021-2022 оқу жылы

Мектеп парламентінің мүшелері:

Мектеп президенті:

Дебат қозғалысының фракциясы :

Білім фракциясы :

Құқық және тәртіп фракциясы:

Мәдениет фракциясы:

Спорт және салауатты өмір салты фракциясы

Ақпарат және баспасөз фракциясы

Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы

Экология және еңбек фракциясы

Қамқорлық фракциясы

Адабашев Исафил

Есіркеп Ұлжалғас

Құдайберген Айдана

Орақбай Мадияр
Алтынбек Дәулет

Есіркеп Ұлжалғас






Жұмағұл Нұрқанат

Мүтәлі Айкен

Адабашева Диана
Жайдақ Дарига

Мизам Тазабек

Сейдулла Нұртас



Өзін-өзі басқару «Жас Ұлан» комитеті.

Президент

Президенттің міндеті:

1. Мектеп оқушыларының өз-өзіне басшылық жасау.
2. Мектеп директоры тәрбиесі ісі жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер, психолог, әлеуметтік педагог және басқа да ұстаздардың ұсыныс, тілектерін ескере отырып оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесінің жұмыс жоспарын жүргізу.
3. Мектеп басшыларымен, ұстаздармен және ата-аналармен тығыз байланыста болу және олардың ескертпелерін басшылыққа алу.
4. Оқушылардың білім сапасын арттыру, қиын оқушылармен жұмыс, мектеп бойынша кезекшілік жұмысы және басқа оқу тәрбиелік іс-шаралардың дер кезінде орындалуына көмек беру.
5. Мектептегі түрлі қоғамдық және мерекелік іс-шаралардың орындалуына атсалысу.
6. Оқушылардың көзқарасымен санасу мақсатында тиісті сауалнамалар жүргізіп отыру.
7. Әр апта соңында жүйелі түрде президент жанындағы отырыс ұйымдастыру, басқару жүйе мүшелерінің есебін тыңдау және оларға нақты тапсырмалар беру.
8. Әр тоқсан соңында оқушылар алдында есеп беру.

**Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында
«Мектеп / студенттік парламент» білім алушылардың
өзін-өзі басқару органдарын дамыту
тұжырымдамасы**

Қазақстанның балалары мен жастары – Қазақстан қоғамының стратегиялық құндылығы және болашақ адами капиталы.

Жаһандық тәуекелдер мен сын-қатерлер кезеңінде өмір сүретін жаңа буын белсенділігі мен қызығушылықтарының әртүрлілігімен сипатталады. Сондықтан мемлекет пен азаматтық қоғамның шынымен біртұтас балалар-жасөспірімдер және жастар қозғалысын құрудағы күш-жігерін біріктіру – заманауи мемлекеттің стратегиясы.

Соңғы онжылдықта республиканың қоғамдық-саяси өмірінде болып жатқан өзгерістер балалар мен жастар ортасындағы адамгершілік-рухани бағдарлар мен мұраттардың өзгеруіне алып келді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, өскелең ұрпақ (балалар, жасөспірімдер, жастар) тәрбиелеудің қолданыстағы моделі трансформацияны және жаңа идеологиялық негізді талап етеді.

Бүгінгі таңда білім беру ұйымы қызметінің қазіргі жағдайында білім беру ұйымын демократиялық басқаруға жағдай жасауға байланысты мәселелер туындайды, онда тек басшы мен педагогикалық кеңес қана емес, сонымен қатар білім алушылар, студенттер мен ата-аналар білім беру үдерісінің толық субъектілері ретінде білім беру ұйымы ұсынатын қызметтердің сапасына әсер ете алады.

Қазіргі уақытта мемлекет пен азаматтық қоғам балалар мен жастардың құқықтық мүмкіндіктерін іске асыру мәселелерін белсенді түрде көтеруде. Осыған байланысты қазақстандық мектептердің, колледждер мен жоғары оқу орындарының алдында құқықтық мемлекет жағдайында шығармашыл, бастамашыл, өзі және қоғам үшін пайдалы әрекет ете алатын еркін, жауапты тұлғаны, мәдениетті адамды тәрбиелеу міндеті тұрды.

Бүгінгі таңда республикада балалар мен жастардың өз құқықтарын іс жүзінде қолдануға және қорғауға оқытатын оңтайлы тетік жоқ, бұл оқушылар мен студенттердің әлеуметтік маңызы бар қызметке уәждемелік дайындығын төмендетуге әкеп соғады. Білім беру ұйымының қабырғасынан шыққан білім алушылар нақты өмірде көбіне мүлдем дәрменсіз болып қалады.

Бекітемін:
Мектеп директоры:

Б. Бейсекүл



Келісемін
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
М. Абдихаймова
М. Абдихаймова

***№23 «1Мамыр» жалпы орта білім беретін
мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы мектеп
парламентінің жылдық жоспары***

Аға тәлімгер: Г. Санснова

2021-2022 оқу жылы